

ТАЯУ ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ-САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМДІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ӘСЕРІ

*Қожабек А.М.¹, Турекулова Ж.Е.², Муминов Н.А.³

¹магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан, e-mail: aigerim.kozhabek@bk.ru

²доцент, PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан, e-mail: turekaulova74@mail.ru

³PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қожа Ахмет Ясауи
атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, e-
mail: n.muminoff@gmail.com

Аңдатпа. XX ғасырдың соңы - XXI ғасырдың басы Таяу Шығыс мемлекеттерінде күрделі де қайшылықтарға толы геосаяси өзгерістерді тудырған кезең. Ішкі және сыртқы факторлардың ықпалынан қалыптасып отырған Таяу Шығыс аймағындағы әскери-саяси жағдай, әлемдік саясатқа ықпал ететін және болашақтағы әлемдік саяси үрдістердің бағыттарын айқындайтын іргелі мәселелердің қатарына кіреді. Ірі халықаралық акторлардың геосаяси мүдделері мен өзара бәсекелестігі, Жерорта теңізі мен Қызыл теңіз, Парсы Шығанағы бойындағы жаһандық жол тораптарын бақылауға алуға деген ұмтылысы – аймақтың әскери-саяси жағдайын айқындаушы факторға айналып келеді. XIX ғасырда аймақтағы еуропалық елдердің геосаяси мүдделері, араб елдерінің отарлау саясатқа қарсы ұлт-азаттық қозғалысының идеологиясына айналған «ан-нахда ал-арабийя» - араб ұлттық қозғалысын жандандырған болса, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында, аймақтағы сыртқы және ішкі факторлар ислам дінінің радикалдануына әкеліп, халықаралық терроризм және экстремизм мәселелерін күн тәртібіне шығарды. Таяу Шығыс елдері және Орталық Азияның географиялық жақындығы, аймақтардың өзара байланысының артуы Таяу Шығыс аймағындағы әскери-саяси және әлеуметтік-экономикалық, діни-конфессиялық жағдайға талдау жасаудың өзектілігін арттырады. Орталық Азия-Таяу Шығыс көлік дәліздеріне интеграциялануды көздеп отырған Қазақстан Республикасының негізгі мүдделерінің бірі – Таяу Шығыс аймағындағы тұрақтылық пен қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі. Осы орайда, бұл мақаланың мақсаты – Таяу Шығыстағы саяси өзгерістер мен қауіптердің ерекшеліктерін, радикалды идеялардың мәні мен бағыттарын және олардың Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсерін түсіну мақсатында ғылыми-сараптамалық шолу жасау. Мақаланың халықаралық қатынастар және шығыстану салаларын зерттеуші жас ғалымдар үшін тәжірибелік маңызы зор.

Тірек сөздер: геосаясат, Араб көктемі, Таяу Шығыс, аймақтық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасы, сыртқы саясат, көлік коммуникациялары, Азия

Негізгі ережелер. Таяу Шығыс аймағының геосаяси ерекшелігінің бірі – қалыптасқан халықаралық қатынастар жүйесіне сәйкес, күрделі және өзгермелі келісімдер, одақтар, ірі халықаралық акторлардың геосаяси мүдделерінен туындайтын қайшылықтар мен қақтығыстарға толы болуы. XX–XXI ғасырларда Таяу Шығыста қалыптасқан геосаяси жағдай және халықаралық қатынастар жүйесін төрт негізгі кезеңге бөліп қарастырамыз:

1. XX ғасырдың бірінші жартысындағы Таяу Шығыстағы ықпал ету аймақтарын бөліске салу бойынша 1916 жылы Ұлыбритания, Франция, Ресей арасында жасалынған Сайкс–Пико келісіміне сәйкес жетекші державалардың аймақтағы отарлық саясатымен ерекшеленетін кезең.

2. XX ғасырдың екінші жартысындағы Израиль мемлекетінің құрылуы, Суэц дағдарысы, 1980–1988 жылдардағы Иран–Ирак соғысы түріндегі халықаралық қауіпсіздікке ықпал ететін маңызды проблемалардың пайда болуы және Ялта–Потсдам халықаралық қатынастар жүйесіне негізделген аймақтың геосаяси жағдайының өзгеруі.

3. XXI ғасырдың басындағы Ирактағы соғыс және Иран–Америка қайшылықтары, Таяу Шығыс елдеріндегі радикалды ұйымдардың қызметі, 2011 жылғы «Араб көктемінің» нәтижесіндегі Мысыр, Тунис, Ливия, Ирак және Сирия мемлекеттеріндегі саяси дағдарыстар түріндегі күрделі мәселелерді қамтитын үшінші кезең.

4. Қазіргі кездегі аймақтағы геосаяси жағдайдың өзгеруі. Мұндағы басты үрдіс ретінде төмендегі жағдайларды айрықшалауға болады: біріншіден, Америка Құрама Штаттары мен Еуропалық Одақ елдерінің Таяу Шығыс аймағындағы ұстанымдарының әлсіреуі және Қытайдың, Иранның, Түркияның аймақтық саясатқа белсенді араласуы. Екіншіден, Сауд Арабия және Иран Ислам Республикасы арасындағы қатынастардың жандануы. 2023 жылы 6-10 наурыз аралығындағы Сауд Арабия және Иран Ислам Республикасы арасындағы келіссөздер нәтижесіндегі екі ел ара-қатынасының өзгеруі де аймақтағы жағдайға ерекше ықпал беретін бағыт. Үшіншіден, 2023 жылы 23 наурыз күні Сирия және Сауд Арабиясы дипломатиялық қатынастарының жандануы туралы келісімге келуі, Сирияға қатысты араб елдерінің саясатының өзгеріске ұшырауын көрсетеді. Төртіншіден, қазіргі жағдайды айқындайтын негізгі күш тепе-теңдігінің бір жағында Израиль және Америка Құрама Штаттарымен жақсы қатынас орнатқан суннит бағытындағы араб мемлекеттерін құраса, екінші жағында Түркия, Катар, Иран, Сирия елдері тұр. Олардың арасындағы бәсекелестік Ливияда, Сирияда, Иракта, Йеменде көрініс табуы және осы қайшылықтарға сыртқы акторлар АҚШ, Қытай, Ресейдің араласуы аймақтағы геосаяси жағдайды күрделенуін арттыруы сөзсіз.

Кіріспе. 2022 жылы басталған Украинадағы соғыс, Ресейдің өз аумағы арқылы өтетін Қазақстан шикізат көздеріне тосқауыл қоюы, осы елден тыс балама сауда жолдарын іздестіру қажеттілігін алдыңғы орынға шығарып келеді. Осы орайда, Таяу Шығыс елдері арқылы көлік тораптарын дамыту мәселесі қазіргі дипломатиялық негізгі бағытқа айналуы заңды құбылыс. 2023 жылы Парсы Шығанағы елдері (Сауд Арабия, Катар, БАЭ, Кувейт, Оман және Бахрейн) мен Орталық Азия елдері арасында алғашқы саммит өткізілді. 2023-2027 жылдарға арналған өзара саяси диалог және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған «Бірлескен іс-әрекет жоспары» мақұлданды, араб елдерінің Орталық Азия аймағына деген саяси қызығушылығын білдіреді. Таяу Шығыс – Орталық Азия саяси-мәдени диалогындағы басымдықтар ретінде, пандемия салдарынан бұзылған

тасымалдау әлеуетін қалпына келтіру, азық-түлік, энергетика және су қауіпсіздігін нығайту, жасыл энергетиканы дамыту, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешу, озық тәжірибе алмасу және тиісті сауда және инвестициялық механизмдерді құру сияқты салалардағы ынтымақтастық бағыттарын айрықшалаймыз. Осы кезеңге дейін Парсы Шығанағы елдері Орталық Азиядағы сыртқы саяси бағыттарын жеке дара жүргізіп келсе, 2023 жылғы Парсы Шығанағы елдері мен Орталық Азия елдері арасында өткізілген саммит жаңа геосаяси Жобаға айналу әлеуетіне жетелейді. Қазақстан Республикасы ПШАМЫК және Орталық Азия диалогы негізінде энергетика, көлік саласы, азық-түлік өндірісі бойынша ынтымақтастықты дамытуға мүдделі.

Парсы Шығанағы елдерінен тыс, аймақтағы негізгі күштер Түркия, Иран мемлекеттері де Қазақстан Республикасының стратегиялық әріптестері болып табылады. Осы орайда, Орталық Азия зерттеушілері үшін Таяу Шығыстың даму үрдісіне талдау жасау, қауіптер мен қатерлер легін ажырату маңызды зерттеу бағытына айналып отыр. Осы орайда, бұл мақаланың мақсаты – Таяу Шығыстағы саяси өзгерістер мен қауіптердің ерекшеліктерін, радикалды идеялардың мәні мен бағыттарын және олардың Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсерін түсіну мақсатында ғылыми-сараптамалық шолу жасау.

Материалдар мен әдістерді сипаттау. 2020 жылдан бастап қалыптасқан саяси жағдайларға талдау жүргізу мақсатында, сыртқы саяси саладағы ресми құжаттар, сыртқы стратегиялар, әскери және қорғаныс тұжырымдамалары, ұлттық қауіпсіздік бойынша доктриналар, бағдарламалар, сараптамалық орталықтардың есептері, ресми мәлімдемелер, ғылыми әдебиеттер қолданылған.

Мақалада, мемлекеттердің стратегиялық құжаттарына талдау жасау әдісі, тарих, философия, саясаттану ғылымдарының әдістерін қамтитын пәнаралық байланыс әдісі, жүйелі және салыстырмалы әдістер және әлемдік саясаттың үрдістерін Орталық Азия қауіпсіздігіне ықпалын қарастыру негізіндегі экстраполяциялау әдісі қолданылды.

Нәтижелері. Жалпы, аймаққа қатысты күн тәртібінен түспейтін үрдістердің аясында төмендегі мәселелерді ерекшелеуге болады:

- аймақтағы геосаяси өзгерістер;
- табиғи-ресурстық мәселелерден туындайтын қайшылықтар және энергетикалық саясат;
- аймақтағы діннің радикалдануы және осы мәселеден туындайтын экстремизм және халықаралық терроризм мәселелері.

1. *Аймақтағы геосаяси өзгерістер.* XIX ғасырда аймақ елдері Ұлыбритания мен Францияның ықпалында болса, XX ғасырдың соңынан бастап, АҚШ және ЕО елдерінің бақылауында болды деп айтуға негіз бар. 2022 ж. Украинадағы соғыстың басталуы, Тайвань мәселесінің көтерілуі, Қытай және Америка арасындағы бәсекелестік, Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ елдерінің Таяу Шығыс аймағына қатысты саясатын біршама бәсеңдетіп отыр.

Аймақтың маңызды геосаяси өзгерісі ретінде Иран-Қытай-Ресей арасындағы ынтымақтастықтың артуын ерекшелеуге болады. 2023 жылы 16-17 наурыз аралығында Ресей-Қытай-Иран әскери күштерінің қатысуымен өткен әскери жаттығуларды, 2021 жылы 27 наурызда қол қойылған Иран және Қытай арасындағы 25 жылға арналған ынтымақтастық бағдарламасын, 2023 жылы 4 шілдедегі ШЫҰ 23 саммитінде Иранның ұйымға мүшелікке өтуін әріптестіктің маңызды қадамы ретінде бағалауға болады.

Иран-Қытай-Ресей одақтастығының негізгі мәні – көп полярлық жүйені құруға деген ұмтылыстан туындайды. Дегенмен, бұл одақты нығыз стратегиялық одақ ретінде бағалау асығыстық болып табылады. Себебі, XIX ғасыр кезеңінде Иран аумағында бәсекелестікке түскен Ресей империясы мен Ұлыбритания, 1907 жылы Орта Шығыста ықпал ету аймақтарын бөліске салу бойынша келісім нәтижесінде, Иранның солтүстік бөлігі Ресей империясының, ал оңтүстік бөлігі Ұлыбританияның құрамына өткендігі тарихи факт. Ал, XIX ғасырлардағы апын соғысы нәтижесінде Ұлыбритания мен Франция және АҚШ елдерінің жартылай отарына айналған Қытайдың саяси дағдарысын ұтымды пайдалана білген Ресей империясы Амур бойындағы аумақтарды өзіне қаратып алған. Жалпы, тарих - бұл саяси жады болып табылады, әрбір халық тарихи өткеннің салдарын ескере отырып, өзінің сыртқы саяси бағыттарын құрады. Бұл тұрғыдан алғанда, үш елдің қазіргі ынтымақтастығының болашақта беріктігін сақтайтындығы үлкен мәселе. Сонымен қатар, 2023 жылы Ресей Федерациясының Парсы Шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық Кеңесімен келіссөздер барысында Ормуз бұғазындағы Абу Мұса, Үлкен Томб, Кіші Томб аралдарына қатысты келіссөздер жүргізу бойынша БАЭ бастамасына қолдау танытуы екі ел арасындағы ынтымақтастыққа кедергі келтіретін мәселе.

Иранның географиялық жағдайы Қытайлық «Белдеу және жол» Жобасы үшін ұтымдылығына қарамастан, қазіргі таңда әскери ынтымақтастыққа негізделген Қытай-Иран арасындағы басты қайшылық – діни-конфессиялық факторге келіп тіреледі. 1979 ж бастап ислам – Иран қоғамының негізін құрап, ішкі, сыртқы саясатын, насихаттау қызметін, идеологиясы мен мәдениетін айқындайды. Теократиялық мемлекеттің исламдық концепциясын ұстанған, яғни дін мен саясатты бөлмей қарайтын Иран үшін Қытаймен тығыз әріптестік мәселесі де Иранның ішінде қарсылық тудырып отырған бағыт.

Иранның оқшауланудан шығуға деген талпынысы, Қытай және Ресеймен әріптестікті нығайтуы, Орта және Таяу Шығыстағы көшбасшылық ұстанымға ұмтылуы Америка Құрама Штаттары тарапынан қарсылыққа ұшырауы сөзсіз. Американдық тарихшы Хал Брэндс өзінің «АҚШ қазіргі жағдайда Қытай, Иран және Ресейге қарсы тұра алады ма?» атты мақаласында, үш ел арасындағы әріптестіктің негізіне: қару жарақ саудасын және бірлескен әскери жаттығуларды, қорғаныс технологиялары саласындағы байланыстардың кеңеюін, Орталық Азиядағы автократиялық тұрақтылыққа қолдау көрсету мақсатындағы ынтымақтастықты жатқызады және Иран ядролық қаруды жетілдіру бойынша бағдарламаларын тоқтатпаса, АҚШ және Израиль қосымша күш әдістерін қарастыруы мүмкін, деген тұжырымдар жасайды [1]

Израильдің ұлттық қауіпсіздік бойынша кеңесшісі болған, израильдік әскери барлаудың зерттеу бөлімінің басшысы Яаков Амидрор өз сұқбатында, Таяу Шығыстағы АҚШ басымдықтарының өзгеруін қауіпсіздік жүйесіндегі басты қатер ретінде қабылдайтындығын, осыған байланысты Иранмен соғыстың ықтималдығы күн сайын артып келетіндігін және Израиль АҚШ көмегіне жүгінбей Иранға шабуыл жасауға дайындалу қажеттігін мәлімдеген [2].

Аймақтың стратегиялық жағдайының маңызды мәселесінің бірі – исламдық суннит-шиит бағытындағы бәсекелестіктің орталығы болып табылатын, Сауд Арабиясы және Иран арасындағы қарым- қатынастардың өзгеру қарқынын ерекшелейміз. Иран және Сауд Арабиясы арасындағы бәсекелестік Таяу Шығыс аймағындағы үстемдік пен бақылауға бағытталған стратегиялық мақсаттардан туындайды. Аталған үрдіс бірқатар факторларға негізделеді:

- 1979 жылы революциядан кейін саяси-құқықтық вelayat-э факих доктринасына сәйкес Ирандағы қалыптасқан саяси жағдайдың, екі елдің саяси бағыттарында қайшылықтар тудыруы;

- Парсы Шығанағындағы аумақтық даулардың шеңберінде туындаған 1980-1988 жылдардағы Ирак-Иран соғысында, Сауд Арабиясының Саддам Хусейнге саяси, экономикалық және әскери қолдау көрсетуінен туындаған мәселелер;

- «Араб көктемі» кезеңіндегі аймақтағы күш тепе-теңдігі мен ықпал ету орталықтарындағы өзгерістер және Сирия, Йемен, Бахрейн елдеріндегі Иранның ықпалының артуы;

- Ирак және Сирия арқылы Жерорта теңізіне дейінгі «шииттік жартылай ай» геосаяси кеңістігін құрайтын әскери-саяси құрылымды құруға қатысты Иран мүдделері және Сауд Арабиясының ұстанымдарына қайшы келуі.

2016 жылы Эр-Риядта өлім жазасына кесілген шииттік насихатшы Нимран-Нимраның қазасына қарсылық танытқан топтың Тегерандағы Сауд Арабия елшілігіне шабуылы нәтижесінде екі ел арасындағы үзілген қарым-қатынас 2021 жылдан бастап жаңа арнаға түсе бастады. 2022 жылы Ирак және Оман мемлекеттерінің араласуымен Иран-Сауд Арабия арасында бірнеше келіссөздер өткізілді. 2023 жылы наурыз айында Пекиннің қатысумен өткен келісімге қол қойылып, ынтымақтастықтың дәйекті нәтижесі ретінде бірнеше рет кездесулер өткізілді. Атап айтқанда, 18 тамыз күні Иран СІМ өкілі Хосейн Амир Абдоллахян және Мухаммед бин Салман арасындағы кездесу, 5 қыркүйекте Тегеранға Сауд Арабия елшісі Абдулла Аланазидің, ал Эр-Риядқа Иранның елшісі Алиреза Энаятидің келуі дипломатиялық қатынастардың қайта жандануының көрінісі. Иран президенті Эбрагим Раиси: «Біздің басымдықтарымыз көрші елдермен байланыстарды жақсарту. Сауд Арабия және Иран арасындағы елшіліктердің ашылуы, екі ел арасындағы қайшылықтарды жоюға бағытталған», деп мәлімдеген [3]. Қазіргі таңдағы Иранның басты мақсаты – елде болған қарсылық қозғалыстарының салдарын жою, әлеуметтік - экономикалық жағдайды жақсарту. Сауд Арабия елімен қарым-қатынастың жақсаруы, Иран және Парсы Шығанағы елдері арасында

жаңа сауда мүмкіндіктерінің көкжиегін ашады. Мысалы, 2021 жылы Эр-Рияд-Тегеран кездесуінде Иранның Мешхед қаласын, Ирактық Кербела арқылы Мекке қаласымен жалғастыратын халықаралық магистраль құру туралы ұсыныстар айтылған. Бұл жоба аясында, жаңа жұмыс орындарын ашу, туризмді дамыту, мәдени-діни және әлеуметтік байланыстарды жақсарту шаралары көзделген [4].

XIX ғасырдан бастап, XXI ғасырдың басына дейінгі кезеңде аймақ елдерінің ауызбіршілігінің болмауы, этносаяси, конфессиялық мәселелердің және аумақтық даулардың ушығуы барысында, шешуші рөлді Еуропалық елдер мен АҚШ атқарып келді. Сондықтан, Иран-Сауд Арабия арасындағы қатынастардың жақсаруы Парсы Шығанағы қауіпсіздік жүйесінің негізгі мәселелерін сыртқы күштердің қатысуынсыз шешуге және Йемендегі жағдайды реттеуге мүмкіндік берері сөзсіз. Дегенмен, бұл жердегі күрделі проблема ретінде Израиль мемлекетінің Иран-Сауд Арабия қатынастарының жақсаруына деген қарсылығын және осыдан туындайтын саяси салдарын ерекшелеуге болады.

Аймақтың геосаяси өзгеруіне ықпал етуші келесі бір мәселе –Қытай Халық Республикасының Таяу Шығыстағы мүдделерінің артуы және аймаққа қатысты әскери-саяси стратегияларының ұсынылуы.

Қытай басшылығы теңіздегі стратегиялық мақсаттарын және теңіз саясатының негіздерін тұжырымдаған алғашқы құжат «Қытайдың XXI ғасырға арналған теңіз бағдарламасы» (1996) болды, ол Қытайдың әлемдік мұхит кеңістігіндегі қазіргі қызметінің негізгі бағыттарын құрды: мемлекеттің теңіз құқықтары мен мүдделерін қорғау; ресурстарды игеру; экология; ғылыми-техникалық зерттеулер; теңіз қызметін басқару; халықаралық ынтымақтастық.

XXI ғасырдың басынан бастап, Қытайда «Екі мұхит стратегиясы» кеңінен талқылануда. Оның мазмұны: «жақын теңіздерге» Қытайдың бақылауын орнату. «Жақын теңіздер»: Сары теңіз, Шығыс-Қытай теңізі және оңтүстік-Қытай теңізі. Екі мұхит ретінде Тынық мұхит және Үнді мұхиты қарастырылады.

Үнді мұхитында жер шарындағы көмірсутектерді жеткізуді тоқтату қаупі бар 11 аймағы бар: Ормуз, Баб эль Мандеб және Малакка бұғазы, Үнді және Тынық мұхитын байланыстыратын Ломбок бұғазы (Индонезия), Суэц каналы. Үнді мұхитындағы стратегиясын жүзеге асыра отырып, Пекин Мьянма, Бангладеш, Мальдив, Шри-Ланка, Пәкістан, Иран елдерінде Пекин үшін қол жетімді порттар мен объектілерді салуға мүдделі. Баб-эль-Мандеб бұғазына жақын орналасқан Джибутиде Қытайдың Таяу Шығыстағы алғашқы әскери базасының ашылуы да Қытайдың теңіз саясатының маңызды бағыты болып табылады [5, 35 б.].

Қытайдың геосаяси тұжырымдамаларының ішінде, «Маржан алқа» (String of Pearls) тұжырымдамасының басты мақсаты – Қытайдың мүдделері мен энергетикалық қауіпсіздігін қорғау үшін Таяу Шығыстан Оңтүстік Қытай теңізіне дейінгі теңіз көлігі дәліздеріндегі елдермен стратегиялық байланыс орнату [6].

Тұжырымдаманың аясында Пекин, Қытай мен Таяу Шығысты байланыстыратын теңіз байланыс жолдарының бойында стратегиялық қатынастар құрып, мүмкіндіктерін дамытуда. 2006 жылы әскери қондырғылар жаңартылған Хайнань аралы – осы маржан тастың біріншісі болып табылады. Вьетнамнан шығысқа қарай 300 мильдік қашықтықта орналасқан Парацел аралдары архипелагында орналасқан Вуди аралындағы әуе жолағын қайта құру тағы бір маржан тасы, Бангладештегі Читтагонг контейнерлік базасы үшінші маржан тас, Мьянмадағы терең су айдынының және Пәкістандағы Гвадар портындағы теңіз базасының құрылысы төртінші маржан тас ретінде қарастырылып, осы маржан тас түрінде қарастырылатын стратегиялық маңызы бар жерлер Қытайды әлеммен байланыстырушы буын рөлін атқарады. Қытай Халық Республикасының Африкадағы, Латын Америкасындағы, Таяу Шығыстағы геосаяси міндеттері:- табиғи ресурстарға және нарыққа қол жеткізу;- әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту.

Осы геосаяси міндеттерге жету үшін Қытай тарапынан біршама дипломатиялық бастамалар көтеріліп отыр, оның ішінде 2022 жылы өткен Қытай- араб елдері саммитін және Қытай – ПШАМЫК саммиті энергетикалық мүдделерді іске асыру және аймақ елдерімен стратегиялық әріптестікті нығайтудың негізгі қадамдары болып табылады.

2. Табиғи-ресурстық мәселелерден туындайтын қайшылықтар және энергетикалық саясат, Таяу Шығыс елдеріндегі қақтығысты және геосаяси бәсекелестікті тудырушы үрдіс. Теңіз жолдары – бұл ішкі және сыртқы саясатта қолданылатын маңызды геосаяси және сауда ресурстары. Осындай ресурстарды игерудегі Таяу Шығыс елдеріндегі аймақтық толыққанды интеграцияның болмауы, көлік тораптарын пайдалану бойынша саяси-экономикалық және құқықтық тәжірибенің жеткіліксіздігі, сыртқы акторлар арасындағы геосаяси бәсекелестікті арттырып, аймақ елдерінің тәуелсіздігіне қауіп төндіретін мәселе.

Кесте 1. Таяу Шығыстағы халықаралық маңызы бар көлік-коммуникациялық тораптар

№	Негізгі көлік-коммуникациялық тораптар	Геосаяси маңызы	Экономикалық маңызы
11	Парсы Шығанағы мен Үнді мұхитын жалғастыратын Ормуз бұғазы	Бұғаздың бір жағында Оман, БАЭ, ал екінші жағалауында – Иран орналасқан. Ормуз бұғазына бақылау орнату арқылы, Парсы Шығанағынан тасымалдау бағытына бақылау орнатуға болады.	Бұғаз арқылы тәулігіне 15 миллион баррель мұнай және конденсат тасымалданады. Бұл мұнайды тасымалдаудың жалпы әлемдік ауқымының 20%, газдың - 30% құрайды. Сауд Арабиясы, Катар, Бахрейн, Ирак және БАЭ елдерінен мұнайдың Жапонияға - 80%, Батыс Еуропа елдеріне - 23%, АҚШ - 13% тасымалданады.
22	Қызыл теңізге шығатын жол Баб-	Қызыл теңізді Аден шығанағы және Арабия теңізімен жалғастыратын	Парсы Шығанағынан тасымалданатын мұнай және газ бұғаз арқылы Суэц

	эль-Мандэб бұғазы	дәліз – Таяу Шығыс және Еуропа елдері арасындағы мұнай-газ тасымалданатын негізгі стратегиялық жол.	каналына немесе <i>SUMED</i> ¹ құбырына жеткізіледі. Күн сайын төрт миллион баррель солтүстікке Еуропа бағытына қарай, 2,5 млн баррель азиялық нарыққа (Сингапур, Үндістан, Қытай) жеткізіледі.
33	Қызыл теңізді Жерорта теңізімен жалғастыратын Суэц каналы	Таяу Шығыс елдерінен Еуропаға және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне тауарларды жеткізудің тиімді жолы болып табылады. Суэц каналы – негізгі мұнай магистралінің бірі болып табылады.	Суэц каналының үлесіне әлемдік сауданың 13% тиесілі.

Жалпы, әрбір тарихи кезең барысында жетекші державалар тарапынан аймақтарда бақылау мен үстемдік орнатудың жолдарын іздестіретін тұжырымдар жасалынған және тәжірибе түрінде қолданылған. Мұндай тұжырымдамаларда ерекше орын дәстүрлі түрде теңіз күшіне және халықаралық теңіз жолдарын бақылауға беріледі. Осы мәселе шеңберінде атақты американдық геосаясаткер А.Т.Мэхэн теңіз күшін елдің ұлы держава болуға ұмтылуындағы маңызды әлеуеті деп көрсетеді [7, 460 б.].

Ормуз, Баб-эль Мандэб бұғаздарын, Суэц каналын жабу немесе бұғаттау әлемдік энергетикалық дағдарысты тудыратын фактор және нәтижесінде мұнай-газ экспортына үлкен нұқсан келтіріліп, әлемдік нарықта мұнай-газ бағасы бірнеше есе артуы мүмкін. Сонымен қатар, берілген коммуникациялық тораптардың қызметіне тосқауыл қою немесе толықтай жауып тастау қақтығыс әлеуеті жоғары, соғысқа итермелейтін негізгі мәселе. Атап айтқанда, 2023 жылы 27 сәуір күні Иран, Ормуз бұғазында «Shevron» американдық мұнай компаниясына тиесілі «Advantage Sweet» танкеріне және 3 мамыр күні «Niovi» танкеріне тосқауыл қоюы Вашингтон тарапынан наразылық тудырып, Пентагонның ресми өкілі Сабрина Сингх 2023 жылы 17 шілде күні өткізілген брифингте, АҚШ Ормуз бұғазына F-16 және F-35 жойғыш ұшақтарын, «Thomas Hudne» эсминецін жіберетіндігін және бұл шара «АҚШ мүдделерін қорғауға» бағытталатындығын мәлімдеген [8].

3. *Аймақтағы діннің радикалдануы және осы мәселеден туындайтын экстремизм және халықаралық терроризм мәселелері.* Таяу Шығыс аймағындағы ислам дінінің радикалдануының себебін үш факторға негіздеуге болады:

Біріншісі, идеялық-саяси фактор. Бұл мәселенің алғышарты ретінде 1979 жылы Ирандағы ислам революциясының жеңіске жетуін, «Қырғи-қабақ» соғысының аяқталуын, Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуын ерекшелеуге болады. Бұл мәселе аясында сонымен қатар, Таяу Шығыс

¹ 200 миль (320 км) тұратын Қызыл теңіз және Жерорта теңізін жалғастыратын «Суэц каналы – жерорта теңізі мұнай құбыры».

елдеріндегі ұлттық бірігу идеяларының және идеологиялардың дағдарысын айқындаймыз.

Екінші, экономикалық факторлардан туындайды. Ең алдымен, мұсылман елдерінің экономикалық тұрғыда әлсіздігі, озық технологияларды іске қосу бойынша артта қалуы, ислам әлеміндегі капиталистік даму жолының дағдарысын, батыстық демократиялық стандарттарды Таяу Шығыс елдерінің қабылдамауын жатқызуға болады.

Үшінші, әлеуметтік-мәдени факторларға байланысты туындаған, Шығыс-Батыс дихотомиясы, Шығыстың Батыс әлемінен оқшаулануы, білім мен ғылымның баяу дамуының себебінен халықтың санасына «айлы-шарғы» жасау, жихадтық идеяларды халық бойына сіңіру, «Әділетті қоғам» жүйесін құрудың сәтсіздігі, бюрократизм көріністерімен қатар, батыстық үлгідегі модернизациялық дамуда мұсылмандық даму жолының ерекшеліктерінің ескерілмеуін атауға болады.

Мұсылман әлеміндегі діни-саяси ұйымдардың пайда болуы мен дамуының кезеңдерін бес негізгі толқынға бөліп көрсетуге болады:

Бірінші толқын XX ғасырдың 20-30 жылдарында, Еуропалық державалардың Шығыс елдерін отарлау саясатына қарсы, панисламизм идеясына негізделген оппозициялық ұйымдардың қалыптаса бастауы. Атап айтқанда, 1928 жылы Египетте құрылған «Ағайынды мұсылмандар» ұйымы Египеттегі ағылшындар мен француздардың отарлау саясатына наразылық ретінде Суэц каналының бойында Исмаилия қаласында негізі қаланған.

Екінші толқын XX ғасырдың 40-70 жылдарында Араб-Израиль қақтығысы нәтижесінде, сионизм мен империализмге қарсы жихад ретіндегі исламдық және ұлттық тұжырымдардың бірігуі салдарынан туындаған «Хамас», «Хезболла» ұйымдардың қызметімен байланысты.

Үшінші толқын, XX ғасырдың 80 жылдарында Ауған соғысы негізінде, шарифат заңдары бойынша қоғам құру идеяларына негізделген «Талибан» ұйымының қызметімен байланысты.

Төртінші толқын, XX ғасырдың 90 жылдарында халықаралық қатынастар жүйесіндегі биполярлық жүйенің ыдырауынан туындаған, азаматтық қоғамға қарсы тұру арқылы халифат құру идеяларына негізделген «әл-Каида» ұйымының қызметімен сипатталады.

Бесінші толқын, 2011 жылдардағы «Араб көктемі» толқуларынан кейін қалыптасқан жағдайдағы радикалды фундаменталистік топтардың конвенционалды билікке ұмтылуын білдіреді. Көптеген радикалды желілік ұйымдардың ішінде «Ислам мемлекеті» ұйымының қызметі айрықшаланады.

Талқылау. Таяу Шығыс елдерінің Орталық Азия аймақтық қауіпсіздігіне, оның ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне ықпал ететін мәселелерді төмендегіше жіктеуге болады:

Біріншіден, әлемдік күш орталықтары Қытай-АҚШ-Ресей мемлекеттерінің және Түркия-Иран-Үндістан түріндегі белсенді қатысушылардың Орталық Азиядағы мүдделерінің тоғысуы. Таяу Шығыс – бұл Орталық Азия аймағының оңтүстік бөлігін құрайды, осы орайда, Таяу Шығыс аймағының қайта құрылымын көздейтін «Үлкен Таяу Шығыс» (Greater

Middle East) жобасы бойынша Батыс әлемінің әскери жол картасында Орталық Азияға ену Таяу Шығыс арқылы көзделген. Егер де, Таяу Шығыс елдерінің Батыс әлемінің саясатына үлкен тәуелділігін ескерсек, мұндай бағыттың негізгі бастамашысы Америка Құрама Штаттары мен Еуропалық елдері болып табылатындығы және Орталық Азияны стратегиялық ықпал ету аралы ретінде санайтын Ресейдің және Қытайдың қарсылығын туғызатындығы сөзсіз.

Екіншіден, әлемдік саясаттың негізгі үрдісі ретінде геоэкономикалық мүдделердің басымдығын ерекшелейміз. Сондықтан, экономикалық тиімділікті тудыратын, халықаралық экономикалық кеңістікке интеграциялану өзекті мәселе. Әлемдік мұхиттарға шығу мүмкіндігі шектеулі Қазақстан Республикасы үшін Орталық Азия-Таяу Шығыс көлік тораптарына қосылу үлкен мүмкіндіктер жиегін ашады. Қазіргі таңда Түркменстаннан Иранға бастайтын жол: Теджен-Серахс-Мешхед, Иран-Ауғанстан-Тәжікстан-Қырғызстан көлік дәлізі іске қосылған. Қазақстан-Өзбекстан-Түркменстан-Иран-Оман көлік дәлізі де үлкен мәнге ие. Сонымен қатар, Каспий теңізін Парсы Шығанағымен байланыстыратын Каспий су каналы 2030 жылы іске қосылса, Қазақстан және Каспий жағалауы елдері өз шикізат көздерін теңіз жолдары арқылы тасымалдауға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде экономикалық дамуды жақсартуға септігін тигізетін жоба.

Үшіншіден, Орталық Азия елдері үшін Таяу Шығыстағы көлік коммуникациялық жобалардың басым бөлігі, Қытай Халық Республикасының «Жаңа жібек жолы» жобасымен тығыз байланысты. Қытайдың Таяу Шығыстағы саясатқа белсенді араласуы ШЫҰ мүшелерін көлік коммуникациялық және энерго көздерді дамыту бойынша Таяу Шығыс елдерімен тығыз қатынасқа жетелейді. 2023 жылы 9-10 қыркүйекте өткен G 20 мемлекет басшыларының кездесуінде, АҚШ президенті Джоозеф Байден, энерго көздері мен өнімдерді тасымалдау үшін, Үндістан - Таяу Шығыс – Еуропа экономикалық дәлізін құру бастамасын мәлімдеді. Халықаралық сарапшылардың басым бөлігі бұл Жобаны Қытайдың «Жібек жолы» бастамасына бәсеке ретінде қарастырады. Әрине Жоба геосаяси қайшылықтарды тудыратындығы даусыз, дегенмен Орталық Азия елдері үшін геосаяси мүдделердің тоғысуына ұшырамай, екі Жобаны да өз экономикалық даму жолында ұтымды пайдалану маңызды іс болып табылады.

Төртіншіден, Ауғанстаннан АҚШ әскерлері шығарылғаннан кейін, Орталық Азияның қауіпсіздігіне төнетін қатерлердің саны арта түскендігін барлық зерттеушілер мен сарапшылар айқындап отыр. Радикалды топтардың ішінде «Хорасан провинциясының Ислам мемлекеті» ұйымының қызметі басты назарды аударатын жағдай. Ауғанстан, Пәкістан аумақтарында орналасқан ұйымның негізгі мақсаты – Орталық Азияны Хорасан вилаятының ажырамас бөлігіне айналдыру. Сарапшылардың мәліметіне сәйкес, Қырғызстанда «Хорасан провинциясының Ислам мемлекеті» ұйымының жауынгерлерінің саны 7000 адамға артқан, ал тәжік-ауған шекарасына жақын жерде 4000 ұйым мүшелерінің шоғырланған [9].

Қорытынды. Жаһандық дамудың қазіргі заманғы тенденциялары геэкономиканың геосаясатқа қарағанда басымдылығының артып келе жатқанын көрсетеді, өйткені халықаралық экономикалық кеңістікке интеграциядан туындайтын ықтимал экономикалық пайдаға байланысты мемлекеттердің мүдделері көбірек орын алуда. Бұл кеңістіктің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі көлік-коммуникациялық желілер екені сөзсіз. Таяу Шығыспен және де жер шарының басқа да аймақтарымен жалғастыратын көлік дәліздері Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы үшін маңызды болғанымен, әлемдік саясаттың негізгі субъектілерінің Орталық Азияны өздерінің отаршылдық экспансионистік жоспарларын жүзеге асырудағы негізгі коммуникациялық хаб әлеуеті бар маңызды геостратегиялық позиция ретінде қарастыратындығын есте сақтау қажет.

Таяу Шығыс елдеріндегі сияқты шикізат көздерінің молдығы және оларды тасымалдау бойынша жол тораптарының салынуы, Орталық Азияның қауіпсіздігіндегі басты фактор. АҚШ, ЕО, Қытай және Ресей Федерациясымен бірлесіп жобаларды жүзеге асырудың оң нәтижелермен қатар, Орталық Азия елдері үшін ұзақ мерзімді келеңсіз қаржылық-экономикалық салдары бар. Олардың жиынтық теріс әсері терең қаржылық дағдарысты тудыруы мүмкін. Олардың ең маңыздысы, мұндай жобаларды жүзеге асыру үшін ірі шетелдік қарыздарды тарту, экономикалық тәуелсіздігінің белгілі бір бөлігін жоғалту ықтималдығымен шектесетін тәуекелдермен байланысты екенін ескеру қажет. ОА елдері үшін қолайсыз шарттармен экономикалық тұрғыдан негізсіз шетелдік несиелерді асығыс тарту, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың одан әрі нашарлауына және үкіметке қарсы наразылықтардың жаңа толқынын тудыруы мүмкін.

Таяу Шығыс аймағының Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігіне ықпал ететін мәселенің бірі ретінде – Иранға қатысты туындайтын факторлармен де айқындауға болады. Егер, Иранға қатысты АҚШ немесе Израиль тарапынан әскери қимылдар орын алған жағдайда, ШЫҰ мүше мемлекеттері алдында үлкен дилемма қалыптасуы сөзсіз. Сонымен қатар, әлемдік мұхитқа шығу жоспарын Иранмен байланыстырып отырған Орталық Азия елдері үшін экономикалық жағынан қиындық тудырады.

Идеологиялық қауіпсіздікті геосаясат мәселесінің аясында қарастыру да маңызды. Бұл жердегі негізгі түйін геосаясат және ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырылуы қажет. Ал жастардың басқа мәдениетке еліктеп, басқа ағымдарға бет бұруы ұлттық мүдденің негізгі қатері. Қазақстан жастарының исламдануға, оның ішінде радикалды пиғылдары бар ағымдарға бет бұруы, елдің ұлттық мүддесіне қарама қайшы құбылыс. Қазіргі таңда ақпараттық ресурстарды меңгерген радикалды топтарға қарсы келу үшін қажетті механизмдер жоқ. Радикалды топтар, әлеуметтік желілер, мессенджерлер мен видеохостингтер, танымал әлеуметтік желілерге арналған қосымшалар мен деректерді шифрлаудың жоғары деңгейі бар арнайы мессенджерлер (Telegram, WhatsApp және Viber) арқылы сана-сезімге айлы-шарғы жасау технологияларын терең меңгерген. Нәтижесінде, жоғары оқу орындарында да радикалды ағымдағы жастардың саны өсуде. Университет қабырғаларында

осы құбылысқа қарсы тұратын іс-шаралар қарастырылмаған. ЖОО рухани жаңғыру шеңберінде жүргізілетін ресми идеологиялық шаралармен шектелу үрдісі басым.

ӘДЕБИЕТ

[1] Brands, Hal. Can the US Take on China, Iran, and Russia All at Once? <https://www.aei.org/op-eds/can-the-us-take-on-china-iran-and-russia-all-at-once>.

[2] Amidror Ya. Israel must prepare for war with Iran without US help, former NSA chief says. <https://www.timesofisrael.com/israel-must-prepare-for-war-with-iran-without-us-help-former-nsa-chief-says/>

[3] Raisi says his election as president sends message to the world. <https://www.tehrantimes.com/news/462246/Raisi-says-his-election-as-president-sends-message-to-the-world>.

[4] International road from Mashhad to Mecca passing through Karbala welcomed in the recent Iranian-Saudi negotiations. <https://shiwaves.com/english/news/islam/79173-international-road-from-mashhad-to-mecca-passing-through-karbala-welcomed-in-the-recent-iranian-saudi-negotiations>.

[5] Ларин В.Л., Песцов С.К. Становление Китая как великой морской державы // Контуры глобальных трансформаций: политика, экономика, право. – 2020. – №3. – С. 27-46.

[6] Wu Xiaoyan. China's "Sea Power Nation" Strategy. Institute for Security and Development Policy. <https://www.files.ethz.ch/isn/184035/2014-wu-chinas-sea-power-nation-strategy.pdf>.

[7] Мэхэн А.Т. Влияние морской силы на историю. 1660-1783. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2002. – 600 с.

[8] Deputy Pentagon Press Secretary Sabrina Singh Holds a Press Briefing. <https://www.defense.gov/News/Transcripts/Transcript/Article/3461141/deputy-pentagon-press-secretary-sabrina-singh-holds-a-press-briefing/>

[9] Jason Wahlang. Islamic State Khorasan and Central Asia. <https://www.idsa.in/issuebrief/islamic-state-khorasan-and-central-asia-jwahlang-280623>

REFERENCES

[1] Brands H. Can the US Take on China, Iran, and Russia All at Once? <https://www.aei.org/op-eds/can-the-us-take-on-china-iran-and-russia-all-at-once>.

[2] Amidror Ya. Israel must prepare for war with Iran without US help, former NSA chief says. <https://www.timesofisrael.com/israel-must-prepare-for-war-with-iran-without-us-help-former-nsa-chief-says/>

[3] Raisi says his election as president sends message to the world. <https://www.tehrantimes.com/news/462246/Raisi-says-his-election-as-president-sends-message-to-the-world>.

[4] International road from Mashhad to Mecca passing through Karbala welcomed in the recent Iranian-Saudi negotiations. <https://shiwaves.com/english/news/islam/79173-international-road-from-mashhad-to-mecca-passing-through-karbala-welcomed-in-the-recent-iranian-saudi-negotiations>.

[5] Larin V.L., Pescov S.K. Stanovlenie Kitaya kak velikoj morskoj derzhavy [The Emergence of China as a "Great Maritime Power"]. Kontury global'nyh transformacij: politika, ekonomika, pravo. 2020. No.3, p. 27-46 [in Russ.]

[6] Wu Xiaoyan. China's "Sea Power Nation" Strategy. Institute for Security and Development Policy. <https://www.files.ethz.ch/isn/184035/2014-wu-chinas-sea-power-nation-strategy.pdf>. 09.09.

[7] Mekhen A.T. Vliyaniye morskoy sily na istoriyu. 1660 –1783 [The influence of sea power upon history. 1660 –1783]. M., 2002, 600 p. [in Russ.]

[8] Deputy Pentagon Press Secretary Sabrina Singh Holds a Press Briefing. <https://www.defense.gov/News/Transcripts/Transcript/Article/3461141/deputy-pentagon-press-secretary-sabrina-singh-holds-a-press-briefing/>

[9] Wahlang, Jason. Islamic State Khorasan and Central Asia. <https://www.idsa.in/issuebrief/islamic-state-khorasan-and-central-asia-jwahlang-280623>.

НОВАЯ ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ОБСТАНОВКА НА БЛИЖНЕМ ВОСТОКЕ И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА МЕЖДУНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ И НАЦИОНАЛЬНУЮ БЕЗОПАСНОСТЬ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Кожабек А.М.¹, Турекулова Ж.Е.², Муминов Н.А.³

*¹магистрант, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан e-mail: aigerim.kozhabek@bk.ru

²доцент, PhD, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан e-mail: turekaulova74@mail.ru

³PhD, Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан; Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан, e-mail: n.muminoff@gmail.com

Аннотация. Конец XX - начало XXI века характеризуется периодом, вызвавшим сложные и противоречивые геополитические изменения в государствах Ближнего Востока. Формирующаяся под влиянием внутренних и внешних факторов военно-политическая ситуация в ближневосточном регионе становится фундаментальным вопросом, влияющим на мировую политику и определяющим направление будущих мировых политических тенденций. Геополитические интересы и конкуренция между крупными международными акторами, их стремление контролировать глобальные транспортные узлы вдоль Средиземного и Красного морей, Персидского залива становятся определяющим фактором военно-политической ситуации в регионе. Если в XIX веке геополитические интересы европейских стран на Ближнем Востоке стали катализатором в зарождении национально-освободительного движения арабских народов «ан-нахда ал-арабийя», то в конце XX и начале XXI вв внешние и внутренние факторы в регионе привели к радикализации ислама и поставили на повестку дня вопросы международного терроризма и экстремизма. Более того, географическая близость Центральной Азии к Ближнему Востоку, усиление взаимосвязи регионов, повышает актуальность анализа военно-политической, социально-экономической, религиозно-конфессиональной ситуации в ближневосточном регионе. В связи с этим, целью данной статьи является проведение научно-экспертного обзора и анализа политических изменений на Ближнем Востоке, особенностей радикальных идей и их влияния на национальную безопасность Республики Казахстана.

Ключевые слова: геополитика, “арабская весна”, Ближний Восток, региональная безопасность, Республика Казахстан, внешняя политика, транспортные коммуникации, Азия

THE NEW MILITARY-POLITICAL SITUATION IN THE MIDDLE EAST AND ITS IMPACT ON INTERNATIONAL POLITICS AND NATIONAL SECURITY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

*Kozhabek A.M.¹, Turekulova Zh.E.², Muminov N.A.³

¹Master student, Auezov University, Shymkent, Kazakhstan,
e-mail: aigerim.kozhabek@bk.ru

²PhD, Auezov University, Shymkent, Kazakhstan,
e-mail: turekulova74@mail.ru,

³PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan,
e-mail: n.muminoff@gmail.com

Abstract. The late 20th and early 21st centuries witnessed intricate and conflicting geopolitical transformations across the Middle East. The region's military and political landscape, influenced by both internal and external factors, has assumed a pivotal role in global politics, shaping future geopolitical trends. Geopolitical competition among major international actors for control over key global transport hubs, such as those along the Mediterranean, Red Sea, and Persian Gulf, stands out as a defining element of the region's military and political dynamics. In the 19th century, European countries' geopolitical interests in the Middle East played a catalytic role in the emergence of the Arab peoples' national liberation movement, known as "an-nahda al-arabiyya." However, as the 20th century drew to a close and the 21st century began, a complex interplay of internal and external factors led to the radicalization of Islam within the region. This shift brought issues of international terrorism and extremism to the forefront of global concerns. Moreover, the geographical proximity of Central Asia to the Middle East, coupled with their increasing interconnection, elevates the importance of analyzing the military, political, socio-economic, religious, and confessional dynamics in the Middle East. This article aims to conduct a scientific and expert review, analyzing political changes in the Middle East and the features of radical ideologies. It also examines their impact on the national security of the Republic of Kazakhstan. In summary, the Middle East's evolving geopolitical landscape, influenced by a complex interplay of internal and external factors, has become central to global politics. This article contributes to understanding these critical issues and their implications for the national security of Kazakhstan.

Keywords: geopolitics, Arab Spring, Middle East, regional security, Republic of Kazakhstan, foreign policy, transport communications, Asia

Статья поступила 17.09.2023